● Тәуелсіздік талаптары

"Экономистердің міндеті дастарқан мәзірін сауатты жасау, тағамдарды таңдау саясатшыға қалады".
Василий Леонтьев, академик.

Тәуелсіздік. Біздің бүгінгі өміріміздегі барша өзгерістердің түпкі мәні осы ұлы ұғымға келтіреледі. Міне, енді жарты айдан кейін ел тәуелсіздігінің 18 жылдығын атап өтеміз. Тәуелсіздіктің қадір-қасиеті соңғы кезеңде — бүкіл жер-жаһанды қаржы дағдарысы қыспаққа алған шақта айрықша сезілді. Өзіміздің экономикалық саясатымызды өзіміз айқындаудың арқасында, жан-жақты ойластырылған жоспарларды жүзеге асырудың, әлемдік конъюнктураның құбылмалы екендігін ерте бастан ескерудің арқасында Елбасымыз осыдан біраз жыл бұрын құрған Ұлттық қордың көмегімен қандайлық күрделі мәселелерді шешудің сәті түскендігін халқымыз көріп отыр. Сонымен бірге тәуелсіздіктің ел халқына қояр талаптары да аз емес. Көрнекті ғалым, академик, Мәжіліс депутаты Кенжеғали Сағадиевтің төмендегі толғанысы осы жайында.

ДАҒДАРЫС ӨТЕДІ, БОЛАШАҚ ТУРАЛЫ ОЙЛАСУ КЕРЕК

Кенжеғали САҒАДИЕВ,
академик.

Жаһандық қаржы және экономикалық дағдарыс біртіндеп бәсендей бастады. Әлі де болса нақты экономиканың қалпына келуі баяу жүріп жатқанына қарамастан, қаржы рыноктарындағы ахуал айтарлықтай жақсарып келеді. Сондай-ақ мұнайға, мысқа, алюминийге және басқа кейбір металдарға сұраныс пен бағаның артуын ескерер болсақ, шикізат аландарындағы ахуал да жақсара түсті. Көптеген сарапшылардың пікірі бойынша, әлемдік экономика 2010 жылы рецессияны енсереді. Дегенмен, нақты сектор, қаржы және шикізат рыноктарының қалпына келуіндегі орын алып отырған әркилы қаркын кейбір мамандарды дағдарыстың екінші толқыны болуы мүмкін деп айтуға да итермелеп отыр.

Қоғам дамуының бұл үрдістерін, нарық идеологиясының жоспар мен экономиканы реттеудегі нарықты ұтымды үйлестіру идеологиясына біртіндеп айналуы туралы егжей-тегжейлі айтып отыруымыздың екі себебі бар. Біріншіден, бізге, қазақстандықтарға, аталған бағытта әбден саналы түрде ілгерілеген жөн. Ол бүгін және бұдан кейін де осы заманғы сынақтарға жауап беретін қоғамдық құрылымның жетекші үрдісі болмақ. Екіншіден, Вашингтон консенсусының ұсыныстары мен талаптарының бүкіл жиынтығын сыни тұрғыдан қайта қарауға салған жөн. Кезінде посткеңестік кеністіктегі елдер (соның ішінде біз де) осы консенсусқа сәйкес нарық реформаларын бастаған болатынбыз. Дағдарыс оның көптеген қағидаларының өміршең емес екендігін көрсетіп берді.

Вашингтон консенсусын өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында АҚШ, ХВҚ және Дүниежүзілік банк нарықтық өзгерістер жолына түскен (немесе сол жолмен жүріп келе жатқан) дамушы елдерге ұсыныс ретінде әзірлеген болатын. Оны батыс елдері мен халықаралық институттардың басшылары белсенді түрде алға жылжытып, консенсус экономикалық өзгерістің жетекші идеологиясына айналды. Халықаралық валюта қоры елдерге несие бергенде олардың реформалары Вашингтон консенсусының ұсыныстарына сәйкес болуын шарт ретінде ұстанды.

Бұл жобаның экономиканы реттеусіз жүргізу, қаржы рыноктарын ырықтандыру, сыртқы сауда мен рантьенің капитализмі емес, шығармашылықтың капитализмі болуы тиіс. Капитализм виртуалдық экономикаға емес, нақты экономикаға жағдай туғызуы тиіс. Сөйтіп капитализм дамуға, яғни адамға қызмет етуі тиіс" деген мойындауы да айрықша назар аударарлық.

Капиталистік нарықтық экономиканың іргелі кемістіктерін жаланаштап көрсететін өте дәл мойындау және бұл Франция Президентінің ғана пікірі емес. Осы заманғы капитализмнің мемлекеттік реттеусіз қағидаттық тұрғыда мүмкін емес-тігін атап көрсете отырып, басқа мемлекеттердің көптеген басшылары, сондай-ақ сарапшылар мен мамандары мемлекеттің экономикалық функциясын белсенді етуді жақтап отыр. "Әлем Адам Смиттің рыноктың көзге көрінбейтін қолы туралы мифологемасына еріп жүріп берді. Қазір түбегейлі өзгерістер қажет, косметикалық жөндеу іске көмектеспейді", деп атап көрсеткен Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев та мемлекеттің рөлі туралы пікірге қолдау білдіреді.

Келесі сабақ туралы айтсақ, ол қазіргі қаржы-экономикалық дағдарыс тұтынушылық идеологиясының қабілетсіздігін көрсетіп берді. Бұл идеология Батыста адамдардың көптеген тобын өзіне тартып, сондай-ақ өзімен салыстырып қарағанда жуырда ғана нарықтық экономика жолына түскен елдердің азаматтарын да тартып отыр. Дағдарысқа қарап, бүгінде көп адамдар бұл жолдың тығырыққа әкеп тіреитінін көрш отыр. Бұл тұрғыда АҚШ Президенті Барак Обаманың мынадай мойындауы да айрықша мәнді: "егер біз істегеннің бәрі — ақшаны туындату емес, жұмсау болса, онда уақыт өте келе көптеген елдер бізге қарыз беруден шаршап, мейрам аяқталады. Ашығын айтқанда, мейрам аяқталып бітті. Біздің жинақталымдар деңгейі айтарлықтай азайды және тұтыну шығындары қозғаушы күш болған экономика ендігі жерде тұрақты дами алмайды".

Бұл дағдарыстан алуға тиісті тағы бір сабақ — экономиканы басқарудағы мемлекет рөлін күшейту қажеттігін мойындау. Дағдарыс кезінде нарықтың "опырылыстары" бұрынғыдан да айқын көрінді: оның экономиканы монополиялауға және бәсекелестік ортаның әлсіреуіне белсенді қарсы мен жекешелендіруді ырықтандыру секілді макроэкономикалық дауалары, оларды іс жүзінде асыру практикасы көрсеткеніндей, барлық қуткен нәтижелерді бере қоймады. Вашингтон консенсусы мемлекеттің белсенді ролін жоққа шығарды: оның рөлі барынша төмен болып, экономикаға араласуы шектелуі тиістігін талап етті. Ал қазір біз дағдарыстың үлкен бір себебі ретінде мемлекеттің белсенді рөлін жоғалтуы деп мойындасақ, тиісінше дағдарыстан шығудың бір жолы экономиканы реттеудегі мемлекеттің белсенді рөлін қалпына келтіру деп отырмыз. Айта кетелік, әлемде мемлекеттің белсенді араласуы арқылы экономикалық реформалардың жоғары нәтижелерін қамтамасыз еткен мысалдар жетіп артылады. Мәселен, Нобель сыйлығының лауреаты Джозеф Стиглиц оңтүстік шығысазиялық мемлекеттердің таңғажайып даму ының себептері туралы айтқанда "үкімет экономикалық өсуді жүзеге асырудың негізгі жауапкершілігін өз мойнына алғанын" айрықша атап өтеді.

Жалпы қаржы жүйесі жұмыс істеп тұрғанымен, Вашингтон консенсусы талап еткеніндей, оны ырықсыздандыру бағыты көп елдерде бұл жүйенің әлсіреуіне жеткізіп, қаржылық алыпсатарлыққа жол ашқанын біз қазір білеміз. Қазақстанның қаржы секторынан да дағдарыс кезеңінде осыны байқадық.

Қаржы рыноктарын қосымша реттеудің нәтижесінде туған жоғары пайыздық ставкалар экономиканың нақты секторының, әсіресе өнеркәсіптің дамуына көп ретте кедергі келтірді. Вашингтон бұл ретте ол мүкият жоспарлаусыз нәтижеге айтарлықтай бағдарлана алмайды. Сонымен қатар ол салалар мен ресурстар бойынша теңдестірілмеген, салааралық байланыстар есептелмеген, өндірістік күштерді ұтымды орналастыру мақсаттарын көздемейді, осы орналастырудың әзірлігі мен аткарылуының нормалары мен индикаторлары жоқ. Ал стратегиялық жоспарлар дегенімізде міндетті түрде бұл компоненттер болуы тиіс, ал мұның өзі ойлы да елеулі талдамалық жұмысты талап ететін өте күрделі үдеріс.

Мүкият әзірленген ұзақ мерзімді даму жоспарлары негізінде ерен табыстарға қол жеткізген елдер баршылық. Солардың бірі — Малайзия. Бұл ел бір жиырма жылдық стратегиялық даму жоспарын (1971-1990 ж.ж.), бір — онжылдық (1991-2000 ж.ж.), енді казір жиырма жылдық кезеңге арналған (2020 жылға көзқарас деп аталады) тағы бір стратегиялық жоспарды ойдағыдай жүзеге асыруда. Аталған стратегиялық бағдарлар орта мерзімдік бесжылдық жоспарлар түрінде нақтыланған. Малайзия казір 2006-2010 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың 9-шы бесжылдық жоспарын іске асыруда. Бұл мүкият әзірленген жұмыс құжаты, оны жасауға малайзиялық қоғамның барлық буыны тартылады, мұның өзі мемлекеттік даму мәселелері бойынша ұлттық консенсусты ұстануға мүмкіндік беріп, онын мақұлдануы мен жүзеге асырылуын жеңілдетеді.

Малайзия Ұлыбританиянын бұрынғы отары, оның бар-жоғы 35-40 жылдың шінде әлемнін индустриялық жоғары технологиялық мемлекетгері қатарына енуін сарапшылар мен мамандар осы елдің нарықтық экономикасындағы жоспарлы-реттеулі бастауларды табысты пайдаланудың факторына жатқызады.

Малайзия тәжірибесі біз үшін жоспарлау үдерісін ұйымдастыру жағынан да өнеге боларлық. Онымен Малайзияның экономикалық жоспарлау жөніндегі арнайы агенттігі айналысады. Бұл Малайзия экономикасының өзіндік бір бас штабы. ақыл-ой орталығы. Өкінішке орай, біздің Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігін Қазақстан экономикасының осындай орталығы деп атауға қиналамыз. Онда тіпті де жаман қызметкерлер немесе жаман жетекшілер отырған жоқ. Мәселе бұған байланысты емес. Өйткені, бұл министрліктің назары екіге бөлінген, нақтылап айтар болсақ, ол көп уақытын бюджетті әзірлеуге арнайды. Республикалық бюджет жылына тағы 1-2 рет қайта қаралатындықтан, ал Үкімет өз шешімдерімен оған бұдан да көп өзгерістер енгізетіндіктен. аталмыш министрліктін басшылары мен мамандарында жоспарлау үдерістерімен байыпты айналысуға уақыт қала бермейді. Сондықтан да кей кезде бюджетке мүкият пысықтаудан өтпеген жобалар енгізіледі. Сонымен қатар, елімізде осы күнге дейін өндірістік күштерді орналастырудың егжей-тегжейлі пысықталған тұжырымдамасы жоқ. 10, 20 жылға арналған дамудың мүкият есептелген болжамдары да жоқ, салааралық баланс, еңбек ресурстары балансы әзірленбейді, экономика жайкүйінің: өнімділіктің, материалдық, кор және энергия сыйымдылығынын манызды синтетикалық көрсеткіштеріне мүкият талдау жүргізілмейді.

Жоғарыда айтылғандарды негізге алып қарасақ, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінен бюджеттік жоспарлау функциясын Қаржы министрлігіне бере отырып, оған орта және ұзақ мерзімді жоспарлау мен болжамдауды міндеттеу және осыдан бұрын айтылған жұмыстарды тапсырған орынды көрінеді. Осылайша Экономика министрлігін Қазақстан экономикасынын жоспарлық-тандамалық, ақыл-ой орталығына айналдыру керек. Ұсынылып отырған қайта ұйымдастыруды нақ қазір жүргізген дұрыс болар еді, өйткені, Президенттің тапсырмасы бойынша, Үкімет әлеуметтік-экономикалық дамудың онжылдық (2010-2020 жылдарға арналған) стратегиялық жоспарын және

МҮДДЕЛЕР ТОҒЫСҚАН АПТА

4 желтоқсанда Астана қаласындағы Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен Қазақстан Президенті жанындағы Шетел инвесторлары кенесінін 22-ші пленарлық мәжілісі өтеді. Аталмыш іс-шараға еліміздің мемлекеттік құрылымдары, шетел және ұлттық компаниялар басшылары қатысады деп күтілуде.

Мәжілістін негізгі талқылайтын тақырыбы — "Шетел инвесторларының Қазақстанның технологиялық дамуына және әртараптандыру саясатына қатысуы", деді өткен сенбі күні болған дәстүрлі апталық брифингте СІМ-нің баспасөз хатшысы Ілияс Омаров.

4 желтоқсанда Пекин қаласында ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Қытай комитетінің бесінші отырысы өтуі жоспарлануда. Қазақстан тарапынан Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Өмірзақ Шөкеев, Қытай тарапынан Мемлекеттік кенес премьерінін орынбасары Ван Цишань басқарады деп күтілуде.

Отырыс барысында тараптар қауіпсіздік, энергетика, жер асты байлықтарын пайдалану, көлік, қаржы салаларындағы ынтымақтастық мәселелерін, саудаэкономикалық, ғылыми-техникалық және мәденигуманитарлық салалардағы байланыстарды дамыту жайын қарастырады. Комитет шеңберінде алғаш рет трансшекаралық өзендерді күзету мен пайдалану саласындағы ынтымақтастық мәселесі талқыланбақ.

Ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Қытай комитетінің құрамына 10-ға жуық комитет бөлімшелері және трансшекаралық өзендерді күзету мен пайдалану жөніндегі Қазақстан-Қытай біріккен комиссиясы кіреді. Комитет отырыстары кем дегенде екі жылда бір рет өткізіледі.

І.Омаров сондай-ақ, 2-3 желтоқсан аралығында Жапонияның Токио қаласында келесі жылы көктемде Вашингтонда өтетін ядролық қауіпсіздік жөніндегі саммитке дайындық жөніндегі ұлттық ұйлестірушілер кездесуі өтетінін айтты.

Аталмыш шарға Қазақстаннан ұлттық ұйлестіруші, Сыртқы істер министрінің орынбасары Қайрат Омаров катысады. Қатысушылар саммитке дайындық, ядролық қауіпсіздіктін басшылық қағидалары, олардың заңсыз айналымына қарсы әрекет, ядролық заттарды талдау мәселелерін талқылайтын болады.

2 желтоксанда Сеул қаласында "Корея Республикасы мен Орталық Азия" 3-ші форумы өтеді деді баспасөз хатшысы. Қазақстандық делегацияны Сыртқы істер министрінің орынбасары Нұрлан Ермекбаев басқарады.

Форум ұйымға мүше елдердің мүдделері тоғысқан салалардағы ынтымақтастықты нығайтуға жана серпін беретін тетік ретінде карастырылады. Форум шеңберінде Н.Ермекбаев Корея Республикасының Сыртқы істер және сауда министрінің орынбасары Ли Енджунмен кездесу өткізеді. оның барысында ынтымақтастықтың екі жақты қатынастары мен өзара тиімді бағыттары талқыланады. Сондай-ақ диалог шеңберінде Оңтүстік Корея және Орталық Азия іскер топтары өкілдерінің катысуымен инвестициялық форум өтеді.

ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМА ҚҰЗЫРЫНДА

Қорғанбек АМАНЖОЛ,
"Егемен Қазақстан".

ой елегінен өткізіп, экономикалық өсу траекториясына шығуды қамтамасыз ететін шараларды анықтауға міндеттейді.

Бұл ретте кез келген басқа ел секілді Қазақстан да экономиканы басқаруды жетілдіру жөніндегі, дәлірек айтқанда, оның жаңа моделін құру жөніндегі әлемдік қоғамдастық және халықаралық экономика институттары қабылдап жатқан шараларды назарға алмай және оларға тікелей қатыспай дағдарыс салдарын еңсере алмайды. Барлық мемлекеттерді және олардың шаруашылық жүргізуші субъектілерін бір-бірімен байланыстырып, бейнелеп айтқанда, біздің планетаны "үлкен бір деревняға айналдырған" жаһандану орасан мөлшерге жетін және де бүкіл әлемге бір ғана резервтік валюта болғандықтан, әр елге өзінің жақсы үлесін жекелей іздеп әрекет ету тіпті мүмкін емес.

Сондықтан да бізде де отандық экономиканың жай-күйін жақсарту жөніндегі шаралар халықаралық қоғамдастық қабылдаған және қабылдайтын шаралар тұрғысынан қарастырылуы тиіс. Сонымен қатар әрбір ұлттық экономиканың ресурстары мен мүмкіндіктері, проблемалары мен олқылықтары тұрғысында өз ерекшеліктері бар. Олар Қазақстан экономикасында да орын алып отыр, сондықтан да алдағы өзгерістер кезінде осылар тиянақты түрде ескерілуі тиіс.

Бұрынғы мақалаларымда ("Егемен Қазақстан", 2009 жылғы 20 қаңтар және "Деловой Казахстан", 2009 жылғы 6 наурыз) шаруашылық жүргізудің капиталистік жүйесіндегі қалыптасқан кемістіктер туралы азды-көпті айтқан едім. Әлемдік экономиканың қазіргі дағдарысын, өзінің ауқымы мен күйрету салдары жағынан бұрын-сонды болмаған дағдарысты сол кемістіктер туғызды. Жоғарыда аталған мақалаларымда дағдарысқа қарсы тұру үшін Қазақстанда қолға алынған шаралар жөнінде егжей-тегжейлі жазылды. Бұл шаралар айтарлықтай ауқымды болды және оларға мемлекеттің қаражаты жұмсалды. Бұл ретте дағдарысқа қарсы шараларды әзірлеу кезіндегі, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қаржы ресурстарын жұмылдырудағы Президенттің тікелей қолдауы маңызды болғаны сөзсіз.

"Жол картасы" бағдарламасының пайдасы көп болды, бағдарламаға сәйкес қоғамдық жұмыстардың зор ауқымы атқарылды және іс жүзінде жұмыссыздық қатері жойылды. Үкіметтік шығындардың бұл бағытының тиімді болғаны да сөзсіз. Премьер-Министр командасының экономиканы "қолмен басқаруы" да іске көмектесті. Дағдарысқа қарсы бұл шаралар жалғаса беретін болады. Алайда қазіргі әңгіме олар туралы емес.

Дағдарыс экономиканы басқарудың әлемдік моделіндегі басты кемістіктерді айқындап берді. Сондықтан да мен оқырманның назарын әлемдік дағдарыстың сабақтарына, олардан біз шығаруға тиісті қорытындыларға аударғым келеді. Нарықтық экономика арнасына түскен Қазақстанға бұл дағдарыс өзінің келеңсіз салдары жағынан алғашқы елеулі дағдарыс болып табылады. Сондықтан да одан алатын сабақтарға мүқият болғанымыз жөн.

Сонымен, ол сабақтар мен қорытындылар қандай болмақ? Солардың біріншісі, бүгінде капиталистік нарықтық экономика тіпті де онтайлы және жеткілікті қамтамасыз етілген әлеуметтік-экономикалық жүйе еместігінде. Ол қазіргі жағдайда өскелең экономикалық даму міндеттерін толық шеше алып отырған жоқ. Капиталистік қайта өндіру ұлттық аяда да, сол секілді халықаралық ауқымда да тығырыққа тіреді. Экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Пол Кругман жазғанындай, "1990 жылдардың басынан бастап қазіргі кезге дейін Жапония, 1993 жылы Мексика, 1997 жылы Тайланд, Малайзия, Индонезия және Корея, 2002 жылы Аргентина және 2008 жылы бүкіл әлем елдері бірінен кейін бірі экономикалық прогресс жылдарында қол жеткізілген қызмет нәтижелерін жоққа шығарған рецессиямен бетпе-бет келді. Әдеттегі қолданылып жүрген саяси жауаптар осындай жиілеген келеңсіз істің жай-күйіне ешқандай ықпал етпейтіні нақтылыққа айналуда...". Франция Президенті Николя Саркозидің республикалық газеттерге берген сұхбатындағы: "Капитализмге реттелетін сипат бере отырып, оны қайта құру керек. Бұл алыпсатарлар рінді: оның экономиканы монополиялауға және бәсекелестік ортаның әлсіреуіне белсенді қарсы тұруға, табысты бөлудегі теңсіздіктің жігін жатқызуға, қайталама дағдарыстарға қарсы тұруға кабілетсіздігі нақтылыққа айналды. Осыдан келін ұлттық экономикалар ғана емес, халықаралық экономикалық қатынастарды реттеу қажеттігі де туып отыр. Қазір дүние жүзінде ХВҚ-ның, Дүниежүзілік банктің және басқа халықаралық экономикалық институттардың реттеушілік рөлін арттыру жолдарын, сондай-ақ жаңа ұлтүстілік әлемдік резервтік валютаны құруды белсене талқылаудың жүріп жатуын осымен түсіндіруге болады. Ал енді ұлттық экономикаларға келер болсақ, көптеген елдер бұл бағытта елеулі қадамдар жасап, аса ірі банктерді, сақтандыру компанияларын, өнеркәсіптік корпорацияларды мемлекет меншінне алып, жұмыссыздықпен және дағдарыстың басқа да киын көріністерімен күрес жөніндегі үкіметтік шаралар кешенін әзірлеп, іске асыруда. Банкроттық қатеріне тап келген банктер мен компанияларды құтқару үшін мемлекеттен басқа инвесторлардың бірде-бірі елде табылмағанын атап айту керек. Осының бәрі "түнгі күзетші" ретіндегі мемлекет рөлі туралы тезисті жоққа шығарып тастады.

Енді экономикада мемлекеттің рөлін қалай күшейтуге болатынына тоқталайық. Мұның бір жолы қазір белсенді пайдаланылуда. Бұл — кәсіпорындарды мемлекет меншігіне алу, банктердің капиталына кіру. Банктер мен компаниялар банкроттық қатерінен құтқару қажеттігі туындатқан бұл шұғыл шаралар өрт сөндірумен және жалын әлі жалмап үлгермегендерді құтқарумен бара-бар еді. Бұл шаралар мемлекеттің нарық экономикасын "құтқару қызметі" ретіндегі рөлін бекіте түсті, бірақ олардың үлкен келешегі жоқ.

Қазір экономикаға жоспарлы-реттеушілік бастаулары еңгізуді жақтаушылар барған сайын көбейп келеді. Осыған байланысты әлем жұртшылығының назары Қытайға ауып отыр. Ұзақ мерзімді жоспарлар негізінде экономиканың өсу қарқыны жағынан 30 жылдан астам уақыт бойы жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп келе жатқан бұл ел іс жүзінде әлемдік экономиканы казіргі рецессиядан шығаруға кабілетті локомотивке айналуда. Қытай ғана емес, Жапонияның, Оңтүстік Кореяның, Малайзияның және басқа біркатар Азия елдерінің тәжірибесі назар аударуға тұрарлық. Олар мемлекеттің ісіне жоспарлы негізде араласуы арқылы тұрақты, ұзақ мерзімді экономикалық өсуге қол жеткізген.

КХР қытайлық ерекшелігі бар социализм құрып жатыр, мұнда жоспарлы және нарықтық индер оңтайлы үйлестіріліп, әдетте басшылықтың авторитарлық өдістері басым екеніне қарамай, әлеуметтік-экономикалық дамудың жоғары қарқынына үзбей қол жеткізіп келеді. Қасындағы тағы бір Азия елі — Үндістан басқарудың демократиялық формаларын пайдаланып, ұзақ уақыттан бері дамудың жоғары нәтижелеріне ие болуда. Бұл екі елдің тәжірибесі экономикалық берекені тіпті де әлеуметтік жүйе мен саяси құрылыс айқындамайтынын, экономикадағы жоғарғы нәтижелерге басқарудың авторитарлық жолымен де немесе демократиялық әдістерді де пайдаланып қол жеткізуге болатынын көрсетіп отыр.

Осыған қарап әлемде сөз тұрғысында емес, іс жүзінде бұрын антагонистік деп саналған әлеуметтік-экономикалық формациялардың озық қасиеттерін оңтайлы үйлестіруді іздестіру жүріп жатыр деп айтуға болады. Қазір әлемде баршаның — басқарушылардың да, мамандардың да аузында жүрген жоспарлы және нарықтық экономикадағы реттеуші бастауларды күшейту жөніндегі қағида осындай ізденістердің айқын дәлелі.

Осының бәрі өткен ғасырдың 60-шы жылдарында батыс ақыл-ойының П.Сорокин, У.Ростоу, Дж.Гэлбрейт, Ян Тинберген сынды ұстындары жақтап пікір айтқан конвергенттік қоғам тіпті де утопия еместігін таныта түседі. Осы заманғы дүниенің басты ерекшелігі — екі әлеуметтік-экономикалық жүйені жақындастыру, олардың арасындағы айырмашылықтарды реттеу жөніндегі үрдіс біртіндеп нақты түйсіндірлетін формаға ие болып келеді. Мұны Қытайдың, Швецияның, Данияның және басқа кейбір елдердің тәжірибесі дәлелдеп отыр.

миканың нақты секторының, әсіресе өнеркәсіптің дамуына көп ретте кедергі келтірді. Вашингтон консенсусының талаптарын іске асыра отырып, ХВҚ сарапшылары бізден, Ресейден және басқа елдерден АҚШ долларына тығыз байластыру жолымен ұлттық валютаның тұрақтылығына қол жеткізуді талап еткенін ұмыта қойған жоқпыз. Бұл реформалардың ең-аңаңында айналыстағы ақшаның тапшылығына, жалақының, жәрдемақылардың уақытында төленбеуіне соқтырды. Ал қазір біз басқа елдермен салыстырғанда экономиканың монеттандырылу деңгейінің төмендігін көрін отырмыз. Жалпы несиелердің ішіндегі долларлық несиелердің өте үлкен үлесі (60%-ы шамасында) біздің елімізде оларды қайтарудың елеулі киындықтарын туындатып отыр. Мұның бәрі ақша-несие саясатының тәуелсіздік деңгеніне және мемлекеттің сыртқы сауда саясатының дербестігне салкынын тигізбей қоймайды.

Вашингтон консенсусы талап еткеніндей, жаппай жекешелендіру оны реттеу мүмкіндігін өлсіретіп, сыбайлас жемқорлық үшін жағдайлар туғызды. Ал бизнесмендер жекешелендіру кезінде ие болған үлкен ренталық табыстар оларды жаңа кәсіпорындар мен компаниялар құруға итермелемеді. Біз мұны еліміздегі бүкіл нарықтық реформалар жылдарында көріп келеміз.

Осындай келеңсіз сәттеріне қарамастан, Қазақстанда нарықтық реформа жүзеге асты. Ал бұл келеңсіздіктер туралы біз бұрын да айтқанбыз. Оларға басқа елдерде де назар аударылды. Бірақ та қазіргі қаржы-экономикалық дағдарыс бұл кемшіліктерді барынша айшықтап, экономиканың болашақ моделін қалыптастыру барысында оларды сыни тұрғыдан қайта сараптау қажеттігін өткір қойып отыр.

Мұндай қайта сараптау басталып кеткен де тәрізді. Қазақстан мемлекеті экономикаға, оның кейбір салаларына тіпті барынша терендеп еніп барады. Елбасы "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы" Жарлыққа қол қойды. Бұл құжат елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлау жүйесін ендіруге бағытталған. Мұның өзі мемлекеттің экономикалық саясатындағы елеулі өзгерістердің белгісі. Ол дер уақытында жасалып отыр және қолдауға лайық. Алайда, меніңше, оған біркатар дәлдеуші сәттерді енгізу керек. Біріншіден, елде экономикалық биліктің бір орталығы болуы қажет, ал біз айтып отырған құжат мұндай екі орталықтың болуына жол беретін секілді. Олар бір-бірінің жұмысын қайталауы әбден мүмкін. Сондай-ақ стратегиялық жоспарлаудағы ел Парламентінің рөлі мен жауапкершілігін әлдеқайда нақты айқындаған жөн.

Қазір Қазақстан — нарық экономикасының елі. Осыдан келіп жаңағы стратегиялық маңызды құжатта жоспарлау жүйесінің экономиканы басқарудың нарықтық әдістерімен тиімді ықпалдастығына жеткізе алатын тетіктер мен құралдарды анықтаудың маңызы зор. "Стратегиялық жоспарлау туралы" арнаулы заң қабылдап, онда жоғарыда аталған жәйттерді, сондай-ақ компаниялардың, фирмалардың, мемлекеттік корпорациялардың, нарықтың мемлекеттік-жекеменшік субъектілерінің жоспарларына, республикалық мақсатты бағдарламаларға қойылатын нормативтік талаптарды ескеруге болады деп ойлаймыз.

Тұтастай алғанда, Қазақстан экономикасын жоспарлы-нарықтық реттеу идеологиясына терендеп бойлап, байыпты анықтағанымыз жөн. Бұл жаңа модель және жаңа идеология, сондықтан да шаруашылық жүргізудің барлық буындары оны толық игеруі тиіс. Егер біз экономикалық реформалардың өткен 18-19 жылында нарықтық реттеуіштерді азды-көпті меңгерсек (мұнда да қол тимеген қатпарлар баршылық), енді жоспарлы реттеуіштермен байыпты түрде мүкият айналысуға тура келеді. Министрліктер мен ведомстволардың өтінімдері негізінде Үкімет Парламентке ұсынатын әр жылдық немесе қазіргідей үш жылдық бюджет — бұл әлі әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді стратегиялық жоспарлары емес. Қазір бекітілетін үш жылдық республикалық бюджет, әлбетте, алға қадам басушылық, ол экономиканы бюджеттік реттеу көкжиегін ұзарта түседі. Бірақ та тік-экономикалық дамудың онжылдық (2010-2020 жылдарға арналған) стратегиялық жоспарын және елді жедел индустрияландырудың бесжылдық жоспарын әзірлеуге кіріспек.

Жоспарлы-реттеулі бастауларды күшейтумен қатар қазір экономиканың жаңа қаржылық және несиелік-инвестициялық тетігін құрған да жөн. Бұл да әлемдік дағдарыстың маңызды бір сабағы. Бейнелеп айтар болсақ, егер АҚШ-тағы 1929-1933 жылдардағы Ұлы депрессия тауарлардың шектен тыс артық өндірілуінің дағдарысы болса, қазіргі әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс — бұл ақшаны артық өндірудің дағдарысы, әлемдік қаржы архитектурасының тиімділігі төмендігінің дағдарысы. Қазіргі заманғы қаржы жүйесі іс жүзінде өзінің негізгі міндетін — экономикада қаржы қорларын тиімді қайта бөлуді атқармай отыр.

Бұған бүгінде ешкім дау айтпайды, сондықтан да әлемдік қоғамдастық қаржы-экономикалық қатынастардың әлдеқайда жетілген моделін іздестіруде. Әлемнің бірқатар көрнекті мемлекет қайраткерлері, солардың қатарында біздің Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та бар, жаңа резервтік валютаны және оның ұлтүстілік эмиссиялық орталығын құру идеясын белсене ұсынып отыр. Бұл идея барынша байыпты назар аударуды қажет етеді, өйткені доллар шығарушы станоктың бір ғана мемлекеттің — АҚШ-тың қолында болуы және әлемдік валюта мәртебесі бар доллардың көлемді түрде қаржы айналымына шығарудың аталмыш мемлекеттен басқа ешкімнің бақылауында болмауы әлемдік тауар-ақша қатынастарының қатты бұзылуына, қаржылық көпіршіктердің пайда болуына соқтырды, мұның өзі осы жолғы дағдарыстың басталу тегершігіне айналды.

Маған мамандар жиі айтатын төмендегі мысал ұнайды.

XVI ғасырдың аяғында испан үкіметі өзін банкрот деп жариялады. Ал сол кездегі Испания бүгінгі АҚШ секілді іс жүзінде бүкіл әлемдік саяси және экономикалық үдерістерді бақылап отырған жетекші мемлекет болатын. Ал банкроттыққа себеп отарлардан метрополияға алтын мен күмістің ағылуын қамтамасыз етіп тұрған испан отарларын қанаудың қалыптасқан тетігінің мүмкіндігінің шектелгенінен еді. Осыдан барып испан мемлекеті қарыздарын төлей алмай, өзін банкрот деп мойындауға мәжбүр болды. Сол кездегі испан үкіметінің алтын ақша емес, бүгінгі АҚШ секілді қағаз ақша басып шығару мүмкіндігі болғанда, Испания банкроттық туралы жарияламай-ақ тығырықтан шыға алар еді. Ал Америка Құрама Штаттары бүгінде триллиондаған мемлекеттік қарызы бола тұрып, ешқандай қиындық көрмей отыр, өзін банкрот деп жарияламайды да, өйткені өзіне қанша қағаз ақша керек болса, соншасын басып шығарады. Нақ осы жағдай әлемдік қоғамдастықты жаңа валюта жүйесін іздестіруге мәжбүрлеп отыр. Сонымен қатар G-20 елдерінің және халықаралық ұйымдардың басшылары казір қаржылық реттеудің басқа да катаң индерін ендіруді, тұтастай алғанда өзін ақтамаған либералдық-монетарлық экономикалық саясатты қайта қарауды айтып жатыр.

Қазақстанға келетін болсақ, Елбасы Ұлттық банкке және Үкіметке отандық жаңа қаржы архитектурасын құруға кірісуді тапсырды. Дағдарыс көрсеткеніндей, біздің қаржы жүйеміз осал, қазіргі сілкіністер жағдайында шетін болып шықты. Валюталық реттеудің қатаң тәртібі болмады, ақша елге қалай келсе, солай елден еркін кетіп жатты. Қазақстанда тауар-ақша айырбасын қамтамасыз етуге тиісті қаржы қорларының едәуір бөлігі шетелдік банктер мен оффшорлық аймақтарда сақталды. Қаржы рынгын заңнамалық реттеудің кемістіктері белгі берді. Елдің қаржы ресурстарын экономиканың нақты секторын дамыту үшін жұмылдыруға қабілетті құралдар өте аз және іске шорқақтығын көрсетті. Қор рыноктары дамымады және іс жүзінде оның ел экономикасына ықпалы сезілмеді.

Әсіресе, банк жүйесінің, атап айтқанда екінші деңгейдегі банктердің олқылықтары елеулі болды. Төрт ірі банк бастаған бұл жүйе дағдарыс алдындағы жылдары мемлекет ішіндегі мемлекет рөлінде болды. Олар монополияға қарсы реттеу норматив-

(Соңы 10-бетте).

"Егемен Қазақстан".

Жуырда Алматыда "Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы аясында еліміздің құқықтық жүйесі дамуының өзекті проблемалары" деген тақырыпта республикалық ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Конференцияны Д.Қонаев атындағы университет пен Қазақстанның криминологиялық ассоциациясы ұйымдастырды.

Құқық қорғау құрылымдарының басшылары, көрнекті құқықтанушы ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушылары қатыскан осынау алқалы жиынды аша келе Конституциялық Кеңес Төрағасы Игорь Рогов республика судьяларының V съезінде Мемлекет басшысы айқындап берген сот жүйесі дамуының өзекті мәселелеріне тоқтады. Осы орайдағы айшықты міндеттер қатарына сот ісін жүргізуді одан әрі жетілдіру және оңайлату, судьялар мен судьялыққа үміткерлерге қойылар талапты күшейту, ымыралық рәсімдемелерді енгізу, сондай-ақ сот шешімдерінің мұлтіксіз әрі сапалы орындалуын қамтамасыз ету жатады. И.Роговтың айтуынша, ғылыми орта мен мемлекеттік органдар өкілдері осынау проблемаларды теориялық және тәжірибелік тұрғыдан шешу жайын терең талдауы керек. Осының өзі алдағы жылдың басынан бастап күшіне енетін Құқықтық саясат тұжырымдамасын жүзеге асырудағы алғашқы қадам болмақ.

Бас прокурор Қайрат Мәмидің сөзіне жүгінсек, аталмыш құжатта прокуратура бүкіл құқық қорғау жүйесінің өзегі және дәнекер буыны деп танылған. Демек, бақылаудың тиімділігі арта түспек. Ең бастысы, адам құқықтарын бостандықтарын қорғау орайында қылмыстық іс қозғаудан гөрі әлеуметтік-құқықтық салаға көбірек мән берілмек. Басқа жаңалықтарға келер болсақ, прокурорлар қайтадан қылмысты істерді тергеу құқығын алады. Сөйтіп енді гі жерде Президенттің тапсырмалары бойынша һәм Тұжырымдама ережелері тұрғысынан алғанда Бас прокуратураның ұйлестірушілік рөлі күшейе түспек. Сонымен бірге Құқық қорғау органдары ұйлестіру кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін хатшылығы құрылды. Осы және басқа да шаралар көп ұзамай заңнамалық жағынан бекітілетін болады.

Өз кезегінде Жоғарғы Сот Төрағасы Мұсабек Әлімбеков әкімшілік-процессуалдық заңнаманы өзгертуден күтілп отырған он ахуалдар жайында егжей-тегжейлі әңгімеледі. Атап айтқанда, азаматтар мен билік органдары арасындағы дау-дамайларды әкімшілік соттардың қарауына беру туралы мәселе көтерілуде. Сонымен қатар, әділет қызметшілері Азаматтық кодексте соңғы кездері рейдерлік пен жалған кәсіпкерлік оқиғалары жиілеуіне жол ашқан олқылықтарды жою қажет деп есептейді. М.Әлімбековтің пайымдауынша, судьялар азаматтық істер жөніндегі әділқазылықта тараптар арасында мәмілеге келу жолын іздестіруі тиіс. Батыстың сот жүйесінде бұл жағдай дәстүрге енген. Ал жүбайлардың ажырасу істері көпшілік көзінше емес, оңаша қаралғаны дұрыс. Қылмыстық істердегі императивтік-жазалау үрдісіне келсек, оны ерекше ауыр және ауыр қылмыстар жасаған адамдарға ғана қолданған жөн. Басқа кездерде жазаның неғұрлым жұмсартылуын қарастырған абзал. Мұның бәрі отандық сот жүйесін еуропалық стандарттарға жақындатуға септесері сөзсіз.

Форумға қатысушылар сондай-ақ Құқықтық саясат тұжырымдамасында айтылған көптеген заңнамалық жаңалықтарды талқыға салды. Мемлекет және құқық институтының директоры, профессор Ғайрат Сапарғалиев саяси жүйедегі прокуратураның рөлі туралы мазмұнды баяндама жасады. Отандық заң ғылымының сардары жаңа заң жобасында көрініс тапқан бақылаушы органның өкілеттіктерін кеңейту жөніндегі шараларды оң бағалады. Қалай болғанда да, прокурорлардың заң шығаруға белсенді қатысуы елдің Конституциясына қайшы келмесе керек.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті академиясының және басқа да жоо-лардың оқытушылары қылмыстық сот және заңнамалық тәжірибені жетілдіру орайындағы өз нікір-пайымдарын ортаға салды, осынау бағдарламалық құжаттағы халықты әлеуметтік қорғау, жеке меншік құқықты дамыту мәселелерін талқылады.

Конференция жұмысының қорытындылары бойынша талдамалық жинақ шығарылып, ол оқып-зерттелу үшін өкілетті мемлекеттік органдарға берілмек.

ҚАУІП-ҚАТЕРДІҢ ААДЫН АУДА БІРЛІК ҚАЖЕТ

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ,
"Егемен Қазақстан".

Кеше Жамбыл облыстық әкімдігінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі мен Қырғыз Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі алқасының "Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының іргелес жатқан аумақтарында трансшекаралық төтенше жағдайлар қауіпін азайту жөніндегі бірлескен іс-шаралар жөнінде" деген тақырып аясында бірлескен отырысы болып өтті. Оған Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрі Владимир Божко мен Қырғыз Республикасы Төтенше жағдайлар министрі Қамшыбек Ташиев және Жамбыл облысының әкімі Бөрібай Жеңсембин қатысты.

Аталған мәселе бойынша Қырғыз Республикасы Премьер-министрінің Қазақстан Республикасына сапары кезінде және Астана қаласында маусым айында өткен қазақ-қырғыз үкіметаралық бірінші мәжілісінің қоршаған ортаны қорғау мен төтенше жағдайлар жөнінде қол жеткізген келісімдерді іске асыру шаралары туралы Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі Владимир Божко мен Қырғыз Республикасының Төтенше жағдайлар министрі Қамшыбек Ташиев кіріспе сөз сөйледі.

Екі тараптың өкілдері мемлекеттер арасында төтенше жағдайлар жөнінде бірыңғай банк мәліметтерін және шекаралық аумақтарға төнетін қауіп-қатер каталогы мен қауіпсіздік құжатын даярлау жөнінде өз ойларын ортаға салды. Сондай-ақ ҚР ТЖМ Жамбыл облысы бойынша төтенше жағдайлар жөніндегі департаменті мен Қырғыз Республикасы ТЖМ Шу және Талас облыстары бойынша басқармалары арасында, ҚР ТЖМ Алматы облысы бойынша төтенше жағдайлар жөніндегі департаменті мен Қырғыз Республикасы ТЖМ Ыстықкөл облысы бойынша төтенше жағдайлар басқармасы арасында шекаралық шеңбер аясында қызметтестік-әріптестік мәселелерін талқылады.

Қазақстан мен Қырғызстанның шекаралас облыстары үшін табиғи мазмұндағы төтенше оқиғалардың туындау жағдайлары ұқсас болып келеді. Бүгінде Жамбыл облысының жалпы жер көлемі 144,3 мың шаршы шақырымды алып, шекара белдеуінің ұзындығы 2 мың шақырымға созылып жатса, оның 500 шақырымы қырғыз елімен аралықты бөлып тұр. Онірде 1035,9 мың адам тұрады.

Бүгінде Қазақстан мен Қырғызстаннан одан әрі етене араласуы Орталық Азия аумағы мен әлемдік экономиканы дамытудағы маңызды бағыттардың бірі болып қала бермек. Туыскан қазақ-қырғыз халықтары мәдени-тарихи тұрғыдан ғана жақын емес, сонымен бірге олардың трансшекаралық өзендер мен оларға салынған гидроқұрылыстарды пайдалануда, оның экологиялық және тағы басқа қауіп-қатерлерінің алдын алуда да мақсат-мүдделері бір. Сондықтан екі елдің сыртқы саясатындағы маңызды бағыттардың бірі — Қазақстанның Жамбыл облысы мен Қырғыз Республикасының Шу, Талас облыстарының өзара тығыз байланыста жұмыс істеуінде болып отыр. Бұл тұрғыда, әсіресе, соңғы жылдары біраз іс атқарылып, жергілікті атқарушы органдар деңгейінде бірқатар кездесулер өткізілп, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәндегі мәселелер қаралды. Қазан айында Қордай ауданында 6 мемлекет басшысының қатысуымен өткен терроризмге қарсы халықаралық оқу-жаттығу кезінде де қырғыз ағайындар туыскан елдердің әскерлерімен бірге қорғаныс сапында шеберліктерін көрсете білді.

Екі елдің Төтенше жағдайлар министрліктері мүдделі болып отырған бүгінгі мәселе де туыскан халықтар тағдыры үшін өте маңызды. Сондықтан министрліктер мен комитеттердің, ведомстволық

(Соңы. Басы 9-бетте).

теріне назар аударып жатпады. Қарызға алынған қаражаттың көлемін өсіру жөнінде өктем саясат жүргізді. Олар өтімділігі қамтамасыз етілмеген шетел несиелерін тартудың қауіптілігі туралы мемлекет басшылары мен мамандардың ескертулерін құлаққа ілмеді. Іс жүзінде үкімет емес, осы коммерциялық банктер алынған несиелерді экономиканың нақты секторына емес, салынған қаражаттан жедел қайтарым қамтамасыз етілетін сауда-саттыққа, жылжымайтын мүлікке, қызмет көрсету саласына жұмсап, елдің инвестициялық саясатын тиімсіздікке әкелді. Олардың кейбірі халыққа мәшинелер, жиһаздар алуға және басқа тұтыну мақсаттарына ештеңемен қамтамасыз етілмеген несиелер беріп, тұтынушылық идеологиясын алға жылжытуға күш салып бақты. Қазір анықталып отырғанындай, алыпсатарлық капитал да орын алған, ал банктердің өз капиталының болуы бірқатар жағдайда сыртқы көріністен артық ештене емес еді.

Дағдарыс алдындағы жылдарда банк жүйесіне, банкирлердің өзіне табынушылық қалыптасты. Олардың табыстары барынша мадақталып, бұл жүйені Казақстан экономикасының локомотиві деп атадық. Қазақстандық банк жүйесі реформа жүргізу жағынан Ресейдің және басқа посткеңестік мемлекеттердің осындай жүйелерінен өлдеқайда алға кетті деп айтып жүрдік. Осыған байланысты

ДАҒДАРЫС ӨТЕДІ, БОЛАШАҚ ТУРАЛЫ ОЙЛАСУ КЕРЕК

Алматыда өңірлік қаржы орталығын құрып, онда бүкіл өңірдің қаржы арналарын жинақтау максатындағы идея пайда болды. Оны құрдық та, бірақ, өкінішке орай, казіргі кезге дейін бұл орталық озін ешбір көрсете алмады.

Осындай салдардан кеиін әлемдік қаржы дағдарысы киліккенде нақ осы банк жүйесі орасан қиындықтармен бетпе-бет келді. Ол посткенестік мемлекеттердің банк жүйелерінен бірінші болып дағдарыска түсіп қана қойған жоқ, сонымен бірге, шетелдік банктер мен инвестициялық корларга орасан зор берешектерін төлей алмайтын болып, банкроттықтын басты қатерінің алдында тұрды. Сол кезде пайдаланылған тәуекел-менеджмент жүйесі сенімсіз болып шықты, ол іс жүзінде күиреп түсті. Сондықтан да мемлекет банк жүйесіне көмекке келіп, Ұлттық қордан және мемлекеттік бюджеттен осы мақсаттар үшін орасан зор ресурстар бөлуге мәжбүр болды. Дағдарыстын баска барлық салдарын Қазақстан экономикасы бүгінде азды-көпті жеңіп келеді, алайда банктердін проблемалары — үлескерлер, ипотека, несие иелерінє берешектер әлі күнге дейін Үкіметтің елеулі күш-жігерін және мәселені шешу үшін көлемді қаражатты талап етеді. Банктердің несие портфельдері сапасының жалғасып жатқан нашарлауы әлі де алаңдаушылық туғызады. Бүгінде активтер сапасы банк жүйесінің несиеге қабілеттілігінің, өтімділігінің және саламаттылығының айқындаушы факторына айналды. Бұрынғы берілген несиелердің сапасы уақыт сынынан толық өтіп болған жоқ, сондықтан да олардың "ескируіне" байланысты ахуал әлі нашарлауы мүмкін деп санайды Қаржылық қадағалау агенттігінің (ҚҚА) мамандары. Айта кетелік, қазірдін өзінде екінші деңгейдегі банктер берген несиелердің үштен бірінен астамы жұмыс істемейтін несиелер болып отыр.

Қазақстанның мемлекеттік қаржысын Ұлттық банк, Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттік (ҚҚА) және Қаржы министрлігі реттеп, бақылап отырады. Қазір ҚҚА-ны Ұлттық банкке қосу туралы ұсыныстар айтылуда. Бөлкім, мұнда ойға қонымды бәзбір негіз бар болуы мүмкін. Бірақ та соңғы уақытқа дейін банк саласының қызметін қатаң реттеу үшін Агенттіктің құқықтары мен мүмкіндіктері заңнамалық түрғыда тым әлсіз болды. Екінші себеп ҚҚА-нын басшылығы мен қызметкерлерінін едәуір бөлігі жиі ауысып жатуында деп білеміз. Кейде онда банк және жалпы қаржы жүйесін айтарлықтай жақсы білетін мамандардың жетіспеушілігі өткір сезіледі.

2008 жылдың күзінде ел Парламенті қаржы саласы мен валюталық қатынастарды реттеу жөнінде ҚҚА-ның да, Ұлттық банктің де құқықтарын елеулі түрде кенейтетін заң қабылдады. Дегенмен, бүгінде әлемнің мемлекет қайраткерлері мен қаржы саласынын мамандары орталық банктердің рөлі мен өкілеттіктерін одан әрі күшейтуді көздейтін пікір айтуда. Бұл үрдісті бізге де ескеру қажеттігі бар болар. Ұлттық банктің тұрақтандыру несиелерін беру, банкаралық рынок ауқымын және банкаралық несиелер ставкасының деңгейіне ықпал ету мүмкіндігін, бүкіл қаржы рыногының тұрлаулылығын қамтамасыз етудегі оның рөлін ескере отырып. солай еткен жөн.

Республика Қаржы министрлігінің рөлі мен орны туралы айрықша айтқым келеді. Бұл министрліктің мүмкіндіктері мен өкілеттіктері белгілі дәрежеде шектелген болып көрінеді. Жыл сайынғы (казір үшжылдық) бюджетті, яғни мемлекеттік қаржының негізін Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (ЭБЖМ) жасайды. Бюджеттің 90% кірісі — бұл салықтар, оларды жинау Қаржы министрлігінің Салық комитетіне жүктелген, ал бюджеттік шығындарды ЭБЖМ жоспарлайды. Бұл министрлік, жоғарыда айтылғандай, бюджетті әзірлейді, ал Бюджет кодексін Қаржы министрлігі жасайды. Осылайша елдің мемлекеттік қаржысын жоспарлау мен реттеудің біртұтас үдерісі қазір екі ведомствоға — Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Қаржы минис-

өте маныызды бағытын баскаруды жолға кою қажет деп ойлаймыз. Қазір индустриялық саясатты іске асыру Индустрия және сауда министрлігіне жүктелген. Ал индустриялық-инновациялық даму максаттары үшін құрылған даму институттары "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қорының карауында калып койды. Ел мүмкіндігін осылайша екі ведомствоға шашырату индустрияландыру үдерісін елеулі түрде киындатуы мүмкін.

Республикада ипотекалық компания бар, мамандандырылған тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі бар. Алайда дағдарыс басталған кезде үлестік құрылыс пен ипотека проблемаларын шешуді біз "Самұрық-Қазынаға" жүктедік. Бөлкім, бұл шешім дағдарыстың сол тұстағы өткір кезеңінде дұрыс та болған шығар. Бірақ та дағдарыс өткірлігі бәсендеген казіргі кезде үлескерлер мен ипотека проблемасын шешуді жоғарыда көрсетілген мамандандырылған компания мен банкке берген орынды болып көрінеді. Бұл білікті кызметкерлері мен күшті менеджерлері бар "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ-ына Қазакстан экономикасының басым міндетін — оны әртараптандыру мен индустрияландыруды жүктеуге мүмкіндік берер еді.

Сонымен қатар, осы холдингтің моделі мен қызметтік мақсатын тағы да бір дәлдеп алған қажет секілді. Бұл Үкіметтің агенті ме, басқарушы компания ма немесе оған кіретін компаниялардың корпоративтік құндылығын өсіруге тиіс холдинг пе? Егер ол Үкіметтің агенті немесе басқарушы компания болса, онда оның салалық министрліктермен өзара қарыма-қатынасын нақтылау керек. Бұл ретте синергетикалық басқару тиімділігі туралы айтудың реті жоқ.

Егер ол корпоративтік құндылықтарды өсіруге тиіс болса, онда соңғы 15-20 жылда корпоративтік бизнестің мақсатты функциялары елеулі өзгерістерге түскенін ескеру керек. Бізде корпорацияны дамытудың шешуші көрсеткіші, басқа көптеген елдердегідей, оларды капиталдандыру деңгейі болып отыр. Осы деңгей бойынша компаниялардағы жай-күйі анықталады. Бұл көрсеткішке ең алдымен акционерлер мүдделі, ол компаниялардағы менеджмент нәтижелілігінің де көрсеткіші.

Дегенмен, халықаралық сарапшылар мен мамандардың көпшілігі капиталдану деңгейі корпорациялардың нақты жай-күйін бейнелемейді деген пікір айтады, біз де оларды колдағымыз келеді. Компанияларда калыптасқан пайда нормасы ескерілмейді, яғни оның қызметінің тиімділігі бағаланбайды, өндірістің негізгі факторларын пайдалану тиімділігінің көрсеткіші де есептеп шығарылмайды. Ал әлеуметтік-экономикалық прогрестің басты көрсеткішімен — еңбек өнімділігімен аталмыш көрсеткіш карама-қайшылықта. Соның салдарынан корпорациялар құрамындағы тиімсіз өндірістерді жабу кідіртіле берп, кейде негізсіз қосылу үрдісі жүріп жатады. Аталған жағдайлар, біздің ойымызша, "Самұрық-Қазынаға" қарасты компаниялар қызметін бағалау көрсеткіштерін қайтадан ой сарабына салуды талап етеді.

Тағы бір шешімін таппаған басқарушылық проблема бар сияқты. Әңгіме әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (ӘКК) туралы. Олардың құрылып, жұмыс істеп жатқанына үшінші жыл. Бірақ та әлі күнге дейін олардың қызмет саласы

науда гана емес, жоғары өнімді мал өсіруде болып отыр. Оның үстіне мұндай жаңа іспен казір шаруа қожалықтарының 10-15 пайызы ғана айналысады, қалған 85-90%-ы жеке шаруа болып қалуда.

Сондықтан да ауылда шаруаларға бұрыннан таныс өндірістік кооперативтерді қайта қолға алған орынды болып көрінеді. Бөлкім, кейбіреулер оны ұжымшар дер, мәселе оның атауында емес, ыдыраңқы ұсақ шаруа қожалықтарының қызметін нақты кооперациялауды қамтамасыз ету мүмкіндігінде. Егер олар өз пайларын және басқа активтерін біріктіріп, біртұтас еңбек ұжымын калыптастырса, мұны ерікті негізде жасаса, ауылда жұмысқа қабілетті, ірілендірілген тауарлы ауылшаруашылық өндірісі пайда болады. Мұндай іріленген шаруашылықтарға көрсетілетін мемлекеттік қолдау да әлдеқайда тиімді болар еді. Ауылда мал бордақылау орталықтары болсын, сүт кешендері жұмыс істеп түрсын, аяғынан нық тұрған фермер шаруашылықтары да дербес жұмыс істесін. Ал енді кооперацияның осы формаларына тартылмаған, не ынғайы келмеген шаруаларды өндірістік кооперативтерге біріктірген орынды болар еді. Ерікті негізде бірігіп, өздерінін басшы органдарын құрған бұл өндірістік кооперативтер болашақта жергілікті өзін-өзі басқарудың сенімді тірегіне айналар еді деп ойлаймыз.

Жоғарыда біздің елімізде қор рыногы жеткілікті дамымағанын айткан едік. Тіпті ол мүлде дамымаған деуге болады. Кезінде үлкен шешімдер қабылданып, бағалы қағаздар рыногын дамыту бағдарламасы бекітілсе де солай болып қағаз жүзінде калып отыр. Іс жүзінде Қазақстаннын барлық ірі компаниялары біздін биржаларда акцияларын сатпайды, кезінде халыққа кеңінен жарнамаланған "көгілдір фишкалар" бағдарламасы да іске асырылмады.

Бір сөзбен айтқанда, қор рыногы әлі де нарықтық экономиканың біз игермеген катпары болып калуда. Сондықтан да, Елбасымыз бейнелеп айткандай, отандық нарықтық конструкция бір аяғына ақсай басуда. Ал енді қор биржасы, егер оның алыпсатарлық құрамдасын жоныт тастасақ, компаниялардың инвестициялық мақсаттарына қаражат жұмылдыруының бүкіл әлемде сыннан өткен мүмкіндігі. Инвестициялардың сыртқы көздері жоғарыда айтылған себептер бойынша шектелген жағдайда еліміздегі қор биржасы, оның толық мәнді жұмысы жаңғырту мақсаттарына ішкі ресурстарды жұмылдыруға өбден қабілетті болар еді.

Қор рыногының дамуы тежелуінін себебі, біздің ойымызша, экономиканы монополияландырудың бізде елеулі орын алуында болып отыр. Қазақстанның ірі компаниялары айтарлықтай қуатты, олардың қызметіне монополиялық сипат тән, ондағы меншіктің шоғырлануы өте жоғары, олар іс жүзінде қаражат іздеп биржа аландарына да шықпайды. Халықаралық қаржы қорының мәліметтері бойынша Қазақстандағы компаниялардың 41 пайызынан астамында акционерлер саны 3-тен артық емес, 24 пайызында 4-тен 10-ға дейін акционер бар. Бұл бәсекелікті, бәсекелік ортаның сапасын төмендетеді. Біз жоспарлық бастаулары енгізетін боламыз, бірақ та өзінің негізгі конструкциясында бізде орын алған нарықтық экономика. Сондықтан бәсекелік ортаның болуының және оның әрекеттілігінің жеке компания үшін де, сонымен бірге салалар және тұтастай экономика үшін де айрықша маңызы бар. Осыған байланысты Қазақстаннын дағдарыстан кейінгі дамуынын маңызды бір мәселесі экономиканы монополиясыздандыру, бәсекелестік ортаны сауықтыру болуы тиіс секілді. Бұл өз кезегінде отандық қор рынктарын қажетінше жандандыруға да жеткізе алады.

Осының бәрі жалпы алғанда экономикалық өсу және осындай өсу көздерін іздестіру проблемасына айналады. Дағдарыс әлемнің дамыған елу мемлекетіпін қатарына кіру жөніндегі біздің мақсатымызды өзгерте алмайды. Ал оны іске асыру үшін, КХР секілді ұзақ мерзімге экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз ету керек. Ал мұндай қарқынға қол жеткізу үшін бізге капиталдың қорлану нормасын (негізгі капиталға

Ел ішінде тұтынушы жағдайлар министрліктері мүдделі болып отырған бүгінгі мәселе де туысқан халықтар тағдыры үшін өте маңызды. Сондықтан министрліктер мен комитеттердің, ведомстволық ұйымдар мен шекаралас аумақтық ұйымдардың өкілдерінің шекаралас аумақтардағы трансшекаралық тотенше оқиғалардың қауіп-қатерін төмендету жөніндегі ой-пікірлері орынды. Осы ретте екі елдің Төтенше жағдайлар министрліктерінің басқосу орнына Жамбыл облысының орталығын тандап алуы да тегін емес деп түсіну қажет сияқты.

Біріккен алқа мәжілісі тараншекаралық аймақтардағы төтенше жағдайлардың дер кезінде алдын алу шараларын қарастырып, шешсе нұр үстіне нұр. Өйткені, Жамбыл облысы мен қырғыз елінің Шу, Талас облыстарының табиғатына зілзала, көшкін, сел, тасқынның кенеттен орын алу жағдайы мен әртүрлі жұқпалы аурулардың таралу қауіп-қатері ортақ.

Жамбыл облысы.

ЕЛ ЕСІНДЕГІ ЕСІМ

Арай ҮЙРЕНІШБЕККҚЫЗЫ.

Ел тағдырын сөз еткенде, Әлихан Бөкейханов есімімен байланысты "Алаш" қозғалысының орны ерекше. Өл жайлы айтылатын сөздің де, жазылатын еңбектердің де құны жоғары болмақ.

"Алаш" мәдениет және рухани даму институтының ұйымдастыруымен сәрсенбі күні Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Алаш қозғалысының белгілі қайраткері Асылбек Сеитовтің туғанына 115 жыл толуына байланысты "Алаш мұраты: тарихы мен тағылымы" атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Өған белгілі қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен Асылбек Сеитовтің туыстары қатысты. Конференцияға Алаш қайраткерінің құжаттары, оның өмірі мен қызметі және оның отбасы туралы мәліметтерден тұратын стендтер қойылды.

Күні бүгінге деин Алаш қозғалысының қайраткерлерінен әдебиет пен мәдениет өкілдері насихатталып келген еді. Алайда, олардың қатарында денсаулық сақтау, өнеркәсін өндірісі, басқа да салаларда қызмет еткен азаматтар да бар екені белгілі. Солардың бірі Томь университетінің медицина факультетін тәмамдаған алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі, Алматы қаласындағы Жетісу аудандық №5 аурухананың негізін қалаушы Асылбек Сейітов еді. Тарихи тұлғаның ерен еңбегін, өз ұлтына деген жанашырлығын конференцияда баяндама жасаған ғалымдар жан-жақты ашып көрсетуге тырысты.

Конференцияға арнайы келген Асылбек Сеитовтің қызы Клара Асылбекқызы: "Әкем дәрігер болса да "Алаш" қозғалысына белсене араласып, Әлихан Бөкейхановтың сенімді серігіне айналды. Ол кісі репрессияға ұшырап, атылған кезде мен әлі анамның құрсағында жатқан екснмін. Әкемді көрмей өстім. Алайда, оның артында қалдырған асыл мұраларымен мактанамын. Әкем Баянауылдың аудандық аурухана-сында бас дәрігер қызметін атқарған кезде, халықтың тұрмысы нашар, безгек, тырысқақ сынды аурулар жүрт ішін жайлап, жалмап бара жатқан тұста халықтың денсаулығын жақсартуға, адамдарды ажал аузынан алып қалуға көп еңбек спірген екен. Ел аймағындағы біраз санаторийлердің, емдік курорттардың ашылуына бастамашылық жасаған. Ел өміріне сіңірген еңбегі зор деп бағалауға әбден болады", деді.

Тарих пен бүгінгі күннің сабақтастығын өрбір азаматтың білуі міндетті. "Өткен уақыт мәдениеті, рухани дәстүрі — халықтық мұра, ол адамның өзі, оның өскен жолы, болашағы", — деп Ә.Дербісәлі айтқандай, өткеніміздің оң-солын дұрыс бағалап, бүгінгі және ертеңгі күнімізге сенім артып, нық қадам басуға өз-өзімізді жетектеуіміз керек. Мұндайда тағылымы мол, тарих қазынасынан сыр шертетін, рухани жаңғыруға жол бастайтын осындай іс-шараларды ұйымдастырудың орны бөлек.

Ел ішінде тұтынушы жағдайлар министрліктері мүдделі болып отырған бүгінгі мәселе де туысқан халықтар тағдыры үшін өте маңызды. Сондықтан министрліктер мен комитеттердің, ведомстволық ұйымдар мен шекаралас аумақтық ұйымдардың өкілдерінің шекаралас аумақтардағы трансшекаралық тотенше оқиғалардың қауіп-қатерін төмендету жөніндегі ой-пікірлері орынды. Осы ретте екі елдің Төтенше жағдайлар министрліктерінің басқосу орнына Жамбыл облысының орталығын тандап алуы да тегін емес деп түсіну қажет сияқты.

Біріккен алқа мәжілісі тараншекаралық аймақтардағы төтенше жағдайлардың дер кезінде алдын алу шараларын қарастырып, шешсе нұр үстіне нұр. Өйткені, Жамбыл облысы мен қырғыз елінің Шу, Талас облыстарының табиғатына зілзала, көшкін, сел, тасқынның кенеттен орын алу жағдайы мен әртүрлі жұқпалы аурулардың таралу қауіп-қатері ортақ.

Жамбыл облысы.

ЕЛ ЕСІНДЕГІ ЕСІМ

Арай ҮЙРЕНІШБЕККҚЫЗЫ.

Ел тағдырын сөз еткенде, Әлихан Бөкейханов есімімен байланысты "Алаш" қозғалысының орны ерекше. Өл жайлы айтылатын сөздің де, жазылатын еңбектердің де құны жоғары болмақ.

"Алаш" мәдениет және рухани даму институтының ұйымдастыруымен сәрсенбі күні Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Алаш қозғалысының белгілі қайраткері Асылбек Сеитовтің туғанына 115 жыл толуына байланысты "Алаш мұраты: тарихы мен тағылымы" атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Өған белгілі қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен Асылбек Сеитовтің туыстары қатысты. Конференцияға Алаш қайраткерінің құжаттары, оның өмірі мен қызметі және оның отбасы туралы мәліметтерден тұратын стендтер қойылды.

Күні бүгінге деин Алаш қозғалысының қайраткерлерінен әдебиет пен мәдениет өкілдері насихатталып келген еді. Алайда, олардың қатарында денсаулық сақтау, өнеркәсін өндірісі, басқа да салаларда қызмет еткен азаматтар да бар екені белгілі. Солардың бірі Томь университетінің медицина факультетін тәмамдаған алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі, Алматы қаласындағы Жетісу аудандық №5 аурухананың негізін қалаушы Асылбек Сейітов еді. Тарихи тұлғаның ерен еңбегін, өз ұлтына деген жанашырлығын конференцияда баяндама жасаған ғалымдар жан-жақты ашып көрсетуге тырысты.

Конференцияға арнайы келген Асылбек Сеитовтің қызы Клара Асылбекқызы: "Әкем дәрігер болса да "Алаш" қозғалысына белсене араласып, Әлихан Бөкейхановтың сенімді серігіне айналды. Ол кісі репрессияға ұшырап, атылған кезде мен әлі анамның құрсағында жатқан екснмін. Әкемді көрмей өстім. Алайда, оның артында қалдырған асыл мұраларымен мактанамын. Әкем Баянауылдың аудандық аурухана-сында бас дәрігер қызметін атқарған кезде, халықтың тұрмысы нашар, безгек, тырысқақ сынды аурулар жүрт ішін жайлап, жалмап бара жатқан тұста халықтың денсаулығын жақсартуға, адамдарды ажал аузынан алып қалуға көп еңбек спірген екен. Ел аймағындағы біраз санаторийлердің, емдік курорттардың ашылуына бастамашылық жасаған. Ел өміріне сіңірген еңбегі зор деп бағалауға әбден болады", деді.

Тарих пен бүгінгі күннің сабақтастығын өрбір азаматтың білуі міндетті. "Өткен уақыт мәдениеті, рухани дәстүрі — халықтық мұра, ол адамның өзі, оның өскен жолы, болашағы", — деп Ә.Дербісәлі айтқандай, өткеніміздің оң-солын дұрыс бағалап, бүгінгі және ертеңгі күнімізге сенім артып, нық қадам басуға өз-өзімізді жетектеуіміз керек. Мұндайда тағылымы мол, тарих қазынасынан сыр шертетін, рухани жаңғыруға жол бастайтын осындай іс-шараларды ұйымдастырудың орны бөлек.

санайды Қаржылық қадағалау агенттігінің (ҚҚА) мамандары. Айта кетелік, казірдің өзінде екінш деңгейдегі банктер берген несиелер үштен бірінен астамы жұмыс істемейтін несиелер болып отыр. Тұтастай алғанда, егер дағдарыска деингі кезенде біздегі банк жүйесі біршама сенімді болғанда, Қазақстан қазіргіге қарағанда әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысын жеңіл өткізер еді.

Осыдан келін белгілі француз экономисі және саясатшысы Жак Аттали бейнелеп айтқанындай және осы тезисті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та атап көрсеткеніндей, бұдан былай "инженер мен ғалым мамандығының биік мәртебесін қалпына келтірін, банкир қәсіпшілігін өзіне лайықты қарапайым орнына қайтару керек". Банктердің тәртібін лайықты тұрғыда реттейтін құқықтық нормалар қабылдау қажет. Капиталдандыру жөніндегі жаңа нормативтерді және басқа да пруденциялдық нормативтер енгізу керек. Банктер өз қаражатын жұмсау саласын өздері шешкен бұрынғы тәжірибенің орнына пайыздық ставкалардың барынша жоғары деңгейін қоса алғанда экономиканың секторлары бойынша несие беру нормативтерін белгілеу қажет. Мемлекеттік мүдде тұрғысынан олардың Ұлттық банктің несие терезесіне қолжетімділік шарттарын айқындау қажет. Қазір енді заңнамалық база бар, сондықтан банктердің экономиканы қаржыландырудың исламдық қағидатты игеруі туралы ойластыру керек. Дағдарыс көрсеткеніндей, әлемдік экономикадағы қазіргі сілкініс ахуалында ислам банктері барынша тұрлаулы болып шықты. Бірқатар мемлекет қайраткерлері мен мамандар ұсынған қаржы жүйесіне катысушыларға шекген тыс сыйақы беруге тыйым салудың да мәні жоқ емес. Елге, бәлкім, бизнесті несиелеумен айналысатын жаңа банктер де қажет болар. Қазіргі банктер бизнесті несиелеуге құлшыныспен бара қойған жоқ, өйткені, оның ипотекалық несиеге қарғанда пайдасы аз болды. Тұтастай алғанда экономиканың нақты секторына қызмет етуге бағдарланған банк жүйесін калыптастыру қажет.

Өкіншке қарай, қазіргі кезге деин Қазақстан экономикасы іс жүзінде қаржының ішкі көздеріне арқа сүйеген жоқ. Негізінен тірек сырттан қарыз алу болды. Бірақ та дағдарыстан шығу кезінде бұл ахуал түбегейлі өзгереді. Біріншіден, дағдарыс салдарынан сыртқы инвестициялық көздер триллиондаған жинақтарын жоғалтты. Әлем деңгеинде активтер құнын жоғалтулар 50 трлн. долларға бағаланады, мұның өзі әлемдік ІЖӨ-нің жылдық көлеміне барабар. Екіншіден, әлемде банктер мен инвесткорлар әсіресе дамушы елдерге несие бөлуге меилінше сақтық көрсететін болды. Есеп бойынша, олар биыл 2008 жылмен салыстырғанда 3 есе, ал 2007 жылмен салыстырғанда 6 есе қысқаруы мүмкін. Үшіншіден, біздің банктердегі, атап айтқанда, өз міндеттемелерін қазір қайта құрылымдауға мәжбүр болған ТұранӘлем мен Альянсбанктегі ахуал, дүние жүзінде белгілі дәрежеде тұтастай Қазақстанның банк жүйесінің теріс имиджін қалыптастыруда. Әрине, Елбасының белсенді сыртқы саяси бағдарының арқасында біз алдағы кезде де шетелдік (батыс, араб, қытай және басқа) инвестиция көздерін тартатын болармыз, алайда жоғарыда аталған жәйттер капиталдың сырттан келуін шектеуі мүмкін. Шетелдік капиталдың келуі айтарлықтай қысқарған жағдайда енді бюджет қаражаты мен бюджеттен тыс ішкі қаражат экономиканы жаңғырту мақсаттарын қаржыландырудың нақты көздеріне айналмақ. Мұндай жағдайда мемлекеттің банктерге беретін несие ресурстары қатаң түрде қадағаланылып және мақсатты пайдаланылуы керек.

Сондықтан да банктердің тұрлаулы ресурстық базасын (ұзақ пассивтерді) қалыптастыру қазір айрықша маңызды. Ал мұндай база құру үшін елімізде жағдай бар. Бұл жылдан жылға өсіп келе жатқан жинақтаушы зейнетақы қорлары, бұл сондай-ақ халықтың өскелең депозиттер көлемі. Бұл жаңа сақтандыру өнімдерін, инфрақұрылымдық облигациялар шығару, инфляция бойынша мөлшерленген пайызсыз облигациялар шығару мүмкіндігі және халықтың қолында бар ұсақ және орташа жинақтарды (шамамен 15-20 млрд. доллар) тартуға қабілетті осындай бірқатар шаралар.

Өкінішке қарай, қазіргі қолданыстағы заңнама іс жүзінде жинақтаушы зейнетақы қорларын

министрлігі жасайды. Осылайша елдің мемлекеттік қаржысын жоспарлау мен реттеудің біртұтас үдерісі қазір екі ведомствоға — Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Қаржы министрлігіне жасанды түрде бөлінгендей болып көрінеді. Содан барып алғашқысында өзінің негізгі шаруасымен — елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлаумен және талдау жасаумен толықтай айналысу мүмкіндігі жоқ, ал екіншісінің рөлі елеулі түрде кесілп, негізінен қазынашылық функциясымен шектелген. Мұның өзі Қаржы министрлігінің қосымша мемлекеттік қаржы көздерін іздестірудегі, оларды тиімді пайдалану жолдарын анықтаудағы, бағалы қағаздар рыногын дамытудағы, Қазақстанның Ішкі қаржы рыногын әлдеқайда жақсырақ жұмылдыруға қабілетті жаңа құралдарды іздестіріп, енгізудегі мүдделілігін төмендетеді.

Әлемдік қаржы дағдарысымен белсенді қуреске барлық елдерде олардың қаржы министрліктері кіріскен, ал бізде бұл министрлік мұндай маңызды істен сырт қалған секілді. Жалпы алғанда мемлекеттік қаржыны әлдеқайда жақсы басқару үшін жыл сайынғы және үш жылдық бюджеттерді әзірлеу функцияларын Қаржы министрлігіне берген орынды болып көрінеді, мұның өзі аталған министрліктер қызметін бір-бірінін қайталаушылығына жол бермей, олардың экономикалық нақты салалар үшін жауапкершілігін арттырады.

Экономиканы басқаруда кордаланып калған баска да бірқатар проблемалар туралы айтпай кетуге болмайды. Мәселен, күрделі иерархиялық басқару жүйесі орын алуда: министрліктер, комитеттер, орталықтағы және жергілікті орындардағы олардың департаменттері, мемлекеттік холдингтер, олардың сансыз еншілестері, ұлттық компаниялар, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар және сол сияқтылар. Басқару буындарының саны 5-6-ға жетеді, тіпті одан да көп болып жатады. Мұның өзі шешімдер қабылдау үдерісін, сол шешімді атқарушыға жеткізу мерзімін әлдеқайда ұзартады және күрделендіреді. Біздегі министрліктердің рөлі біртіндеп төмендеп барады. Ал олар бүкіл әлем дәлелдеген салалық басқарудың негізгі жүйесі. Осының бәрі қабылданған шешімдердің жеделдігі мен оларды орындаудың тиімділігіне салқын әсерін тигізбей қоймайды.

Дағдарыс Қазақстан экономикасының негізгі проблемасын — ондағы әртараптандырудың жоқтығын айқын көрсетін берді. Кезінде біз Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын қабылдап, оны іске асыру үшін даму институттарының желісін құрдық. Осының бәрі экономиканы әртараптандыру мақсатын көздеді, алайда оның нақты түрде аяқталмағандығы, турасын айтсақ, жоқтығы дағдарыс басталғаннан кейін Қазақстан экономикасын елеулі қиындықтарға ұрындырды.

Осыдан келіп болашақта экономиканы әртараптандыру мен индустрияландырудың маңызы күмән туғызбайды. Елбасы Үкіметке елді жедел индустрияландырудың 5 жылдық жоспарын әзірлеуге тапсырма беріп, ондағы инновациялық құрамдастың рөлін күшейту қажеттігін атап көрсетті. Экономиканы жаңғырту проблемаларына деген жаңа тұжырымдамалық көзқарас жөніндегі Президенттің айтқан пікірі де қолдауға әбден лайық. Халық үшін де, басқарушылар үшін де жете түсінікті емес кластерлер, корпоративтік көшбасшы сынды жобалардан сақтандырып, басты назарды елді технологиялық жаңғыртудың екі бағытына шоғырландыру ұсынылды. Бірінші — бізде бар минералдық шикізатты терең өңдеу, оны дайын өнім шығару деңгейіне дейін жеткізу. Егер бұл мұнай болса, онда жанармай, мазут және басқа мұнай өнімдерін ғана әзірлеу емес, сонымен бірге мұнай химиясы өнімдерін — пластмассаны, құбырлар, сантехникалық бұйымдар, т.б. алу. Егер бұл металл болса, онда оның негізінде мәшинелер, олардың бөлшектерін, тұрмыстық және басқа техникалар шығару. Басқа шикізат ресурстары бойынша да солай. Әртараптандырудың екінші бағыты — ең алдымен отандық салалардың — мұнай, ауылшаруашылық, көлік, құрылыс және басқа да салалардың қажеттерін қамтамасыз ететін мәшине жасау.

Мұның бәрі Қазақстан экономикасын жаңғыртудың нақты әрі біздің қазіргі жағдайымызға толығымен сай келетін бағыттар. Оларды ойдағыдай іске асыру үшін біздің дамуымыздың осынау

проблема бар сияқты. Өңтіме әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (ӘКК) туралы. Олардың құрылып, жұмыс істеп жатқанына үшінші жыл. Бірақ та әлі күнге дейін олардың қызмет саласы нақты анықталмаған. Мұндай қызметтің заңнамалық базасы жасалмаған. ӘКК-лерде көлемді активтер мен ресурстар аз, олар өңірлерде артықауыс қалғандарды жинап жүргені. ӘКК-лердің өңірлік билікпен қарама-қарсы келу жәйттері де бар, осынау екі басқару құрылымының өзара ықпалдасуындағы нақты тетіктер пысықталмаған. ӘКК мінеғ бірнеше рет бір ведомстводан екіншісіңің қарамағына өтуде. Есеп комитеті жүргізген тексеру көрсеткеніндей, бұдан бір-екі жыл бұрын оларға жарғылық капитал үшін берілген бюджеттік қаражаттың едәуір болігі әлі игерілмеген.

ӘКК-ге байланысты проблеманың екінші жағы да бар. Кезінде біз коммуналдық меншіктің едәуір бөлігін ӘКК қарамағына бердік. Сөйтіп, облыстық әкімдіктердің өңірлік экономиканы басқару мүмкіндігін төмендеттік. ӘКК өңірлік дамудың шынайы агенттеріне айнала қойған жоқ, ал жергілікті аткару органдарынан бұл мүмкіндік алып қойылған. Егер бұл айқын қарама-қайшылықтың дұрыс шешімі табылмаса, ол өңірлік экономиканың дамуын тежейтіні даусыз. Бұл ретте біз жыл өткен сайын жергілікті билік органдарына жүктелетін міндеттер көлемін ұлғайтып отырғанымызды да ескеру керек. Қазір бұл — жұмыссыздықпен белсенді күресу, халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуіне жол бермеу, жергілікті бюджеттердің "Жол картасы" бағдарламасын іске асыруға қатысуы, шағын және орта бизнеске барынша қолдау көрсету және басқа да міндеттер. Осыдан келін өңірлік билікке осы міндеттерді ойдағыдай шешу мүмкіндігін берген орынды болып көрінеді, бұл үшін олар мен ӘКК арасында өкілеттіктерді экономикаға ыңғайлы түрде қайта карау қажет.

Және бір ұйымдық-басқарушылық проблеманы сөз етейік. Оны шешу қажеттігіне Президент Қазақстан халқына арнаған бірнеше Жолдауында назар аударды. Өңтіме Қазақстан ауылдарындағы шаруашылық жүргізуші субъектілерді ірілендіру туралы болып отыр. Мәселенің қойылысы әбден дұрыс. Өйткені, біздегі ұлан-ғайыр қуаң аймақтарда, шөл және шөлейт жерлерде ұсақ шаруа және фермер шаруашылықтары жоғары тиімді ауыл экономикасын құрып, дамыту тұрғысынан мүмкіндіктері аздығы көрініп қалды.

Ауылдағы іс жағдайына қарап, бұған көз жеткізе түсеміз. Әрине, мемлекет жылдан жылға дотациялар, олар өндірген өнімдерге субсидиялар түрінде шаруаларға зор қаражат бөліп отыр, мектептер, ауруханалар, жергілікті жолдарды, ауыз сумен жабдықтау нысандарын салуға және ауыл инфрақұрылымының басқа нысандарына көп бюджет қаражатын жұмсауда. Осының бәрі ауыл тұрғындарының қажетті тұрмыстық деңгеин ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Бірақ та ауылда мал басының көбеюі баяу жүрін жатқанын, ұсақ қожалықтар асылтұқымды жоғары өнімді мал шаруашылығын дамыта алмайтынын, ал бұларсыз осы саланың келешегі мүлдем аз екенін көрмеу мүмкін емес. Бұл ұсақ қожалықтар жоғары технологиялық негізде астық өндірісін де жүргізе алмайды. Өйткені, олардың несие алу қабілеттілігінің төмендігі және өндіріс көлемінің салыстырмалы тұрғыдағы шағынлығы оларға жоғары өнімді техника мен технологияны сатып алуға және пайдалануға мүмкіндік бермейді. Сол себептен де суландыру жұмыстарының деңгеиі өте төмен, біршама аумақтарда жер біртіндеп тозып барады. Қорыта айтқанда, біздің фермерлер мен шаруалардың шаруашылық жүргізу деңгейі заманауи талаптарға сай келмейді. Оның үстіне ауылда жұмыссыздық бар. Мұның бәрі ауыл өндірісшілерінің күш-қуатын байыпты кооперациялау, ауылда шаруашылық жүргізуші субъектілерді ірілендіру қажеттігін туғызып отыр.

Қазір Президенттің тікелей тапсырмасы бойынша ауылда мал бордақылау орталықтары құрылуда, сүт кешендері тұрғызылып, сервистік-дайындау кооперативтері ұйымдастырылуда. Алайда, мұндай орталықтар немесе кешендер әлі аз, әр облысқа 1-2-ден ғана келеді. Сервистік-дайындау кооперативтерінің келсек, әрине, бұл ілгерілеушілік, бірақ мәселе малды осындай орталықтарға жи-

үшін, ҚХР секілді ұзақ мерзімге экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз ету керек. Ал мұндай қарқынға қол жеткізу үшін бізге капиталдың қорлану нормасын (негізгі капиталға инвестициялар деңгейін) кем дегенде үш есе ұлғайтып, 25-30%-ға жеткізу қажет. ҚХР-да бұл көрсеткіш ұзақ уақыттан бері 40%-ды және одан жоғарыны құрап отыр. Сондықтан экономикалық өсудің көздерін, соның ішінде қаржы көздерін іздестіру біз үшін дағдарыстан кеингі дамуда өзекті де маңызды болып табылады.

Шет елдерден экономикалық өсуді белсенді ынталандыру мысалдарын көптеп табуға болады. Қытай тәжірибесіне жүгінетін болсақ, оның белсенді қаржы саясаты дағдарысқа қарсы ғана емес, сонымен бірге экономикалық өсудің жоғарғы қарқынын ұстап тұруға да бағытталған. Атап айтқанда, саналы түрде мемлекеттік бюджеттің жоғарырақ тапшылығы жоспарланады. Одан әрі ақша массасының үлкен көлемі айналымға шығарылады. Сарапшылар мынадай фактілер келтіреді: 2004-2006 жылдары бұл елдегі экономиканың монетизациялау деңгейі (М2 ақша массасының ІЖӨ-те қатынасы) 180-185%-ды құраған. Ресей Федерациясында бұл көрсеткіш 34%, Қазақстанда — 40%-дан кем болған, ал егер тенге массасын ғана ескеретін болсақ — 29%. Қытай сондай-ақ инвестициялық мақсаттарға арналған мемлекеттік несие облигацияларының ірі эмиссияларын қолданады. Мамандардың бағалауы бойынша ҚХР-да шығарылатын құрылыс займдары ішкі сұраныстың жетімсіздігін өтеп, ІЖӨ-нің қосымша жылдық өсімінің орта есеппен 1,5-2%-ын қамтамасыз етеді. ҚХР-да ақша экспанциясының аталған түрлері елеулі инфляцияға соқтырмайтынын, өйткені олар экономиканың нақты секторына жұмсалатынын атап өту қажет. Қазақстанның қаржы билпіндегілерге де экономикалық осуді камтамасыз ететін осындай көздер мен шаралар туралы ойланған жөн.

Дүние жүзінде рыноктың этикалық базасында бүліну жүріп жатыр. Кезінде Макс Вебер Батыста капиталистік нарықтық қатынастардың қалыптасуындағы протестанттық этиканың айрықша рөлін атап өткен. Ресейде де капитализмнің елең-алаңында шағын зауыт иелері мен кәпестер іскерлік этика қағидаттарын қатаң негізге алған. Біраз уақыттан кеиін бұл келмеске кетіп, оның орнына ашқарақ, қанаушы капитализм келді. Кеиннен демократиялық үрдістің, заңнамалық базаның дамуы нарықтық қатынастардың азды-көпті өркениетті тетіктерін қалыптастырды. Алайда, дағдарыс барысында анықталған, тіпті миллион долларға емес, одан әлдеқайда көп — көптеген миллиард долларлық жалдаптық, алдау, жалған кәсіпкерлік фактілері іскерлік этикадағы ауқымды тәртіп орасан бұзылғанын және сенім дағдарысының басталғанын көрсетеді.

Өкінішке қарай, осындай құбылыстар мен фактілер бізде де орын алды. ТұранӘлем және Альянсбанк секілді жетекші банктерге қатысты оқиғалар — соның айқын дәлелі. Үкіметке, сондай-ақ бүкіл бизнес-қоғамдастыққа сенімді нығайту, іскерлік этикасының жоғалған нормаларын қалпына келтіру жөнінде қатты ойланатын кез келді. Бұл дағдарысты еңсеру барысында да және тұрақты даму траекториясына көшу кезінде де Қазақстан экономикасының елеулі проблемаларының бірі болады. Бағзы кездегілер капитал дегеніміз сеим, сенімнен басқа ештеңе емес деиді екен. Адалдық, сенім — бұлар аса маңызды қоғамдық институттар, оларды елдің заттық емес байлығына жатқызуға әбден болады. Нақ осы тұрғыдан, елдің заттық емес байлығын тұрақты ұлғайту қажеттігі тұрғысынан біз көлеңкедегі экономикамен, сыбайлас жемқорлықпен, алыпсатарлықпен және басқа сенім дағдарысының көптеген құбылыстарымен күрес жүргізуге тиісіз.

Қаржы дағдарысы дегеніміз — бұл қолданыстағы экономикалық жүйені қайта қарау және оның беріктігін тексеру дейді екен. Қазақстан экономикасының беріктігіне ешқандай күмән жоқ. Президенттің алысты көздейтін стратегиясын іске асыра отырып, ол жылдан жылға жаңа биіктерге шығуда. Бірақ та дағдарысты еңсере отырып, бізге осынау өте күрделі организмнің кейбір өлшемдеріне сын козімен қарау артықтық етпейді. Бұл мақала бүгінгі жағдайды ой сарабынан өткізіп, қайта қарау үдерісіне өз үлесін қосу мақсатын көздейді.